

Акционерлік қоғамдардың қоғамға тиесілі активтерді беру арқылы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1997 жылғы 22 шілде N 106 Қаулы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 тамызда тіркелді. Тіркеу N 357. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2004 жылғы 27 желтоқсандағы
N 392 қаулысына Қосымша
Күші жойылды деп танылатын нормативтік
құқықтық актілердің тізбесі*

3. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Акционерлік қоғамдардың қоғамға тиесілі активтерді беру арқылы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу тәртібі туралы" 1997 жылғы 22 шілдедегі N 106 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 357 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, 2001 жыл, 3-том)...

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына акционерлік қоғамдардың қатысу рәсімін реттеу және акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау

мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына қоғамның активтерін беру арқылы заңды тұлғалардың қызметіне акционерлік қоғамдардың қатысуының мынадай тәртібі белгіленсін:

а) заңды тұлғаның жарғылық капиталына активтерін беру арқылы акционерлік қоғамдардың қатысуы туралы шешімді қоғамның уәкілетті органы оның жарғысының ережелеріне сәйкес қабылдайды.

Осындай шешімді қоғамның атқарушы органы қабылдаған жағдайда Бақылау кеңесі оған заңды тұлғаның жарғылық капиталына активтерін беруге ресми рұқсат беру керек;

б) қоғам оның активтерін беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 күн ішінде бұл туралы хабарлама қағаз жіберу немесе осы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы акционерлерді хабардар етуге міндетті;

в) мөлшері қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 және одан көп процентін құрайтын сомадағы қоғамның таза активтерінің бір жолғы немесе бірнеше бөлігін беру туралы шешім тек акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.

Қоғамның активтерін өзге заңды тұлғаның жарғылық капиталына беру жөніндегі дауыс беруге қатыспаған немесе қарсы дауыс берген акционер қоғамның оған тиесілі акцияларын бастапқы бағасынан төмен емес, ал рыноктік баға кесу болған жағдайда бастапқы бағадан асатын төлеуді талап етуге құқықты.

Акционер аталған талаптарды қойған жағдайда акционерлік қоғам оған тиесілі акцияларды қоғамның акцияларын беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 күн ішінде сатып алуға міндетті.

Егер, акционер қабылданған шешім туралы естімеген жағдайда, ол қоғамның активтерін өзге заңды тұлғаның жарғылық капиталына беру туралы білген күннен бастап 3 айдың ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің талап ету мерзімдері туралы нормаларын ескере отырып, акционерлік қоғамға акцияларды төлеу туралы талап қоюға құқығы бар;

г) заңды тұлғаның жарғылық капиталына қоғамның активтерін беру берілетін мүліктің құнын тәуелсіз аудитордың немесе бағалаушының белгілеулері және мүлікті беру-өткізу актісінің негізінде жүзеге асырылады. Енгізілген қаражаттарға одан әрі есеп жүргізу қоғамның балансында заңға сәйкес жүзеге асырылады;

д) егер активтер берілгеннен кейін жеке капиталдың мөлшері қоғамның жарғылық капиталының мөлшерінен төмен болып қалса және егер осы мәміле

қоғамның төлем қабілетсіздігіне немесе шамасыздығына (банкроттыққа) әкеп соқса, өзінің активтерін беруді жүзеге асыруға акционерлік қоғамның құқығы жоқ.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Ұ Л Т Т Ы Қ К О М И С С И Я Н Ы Ң

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК